

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

---

# АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VII том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№1 хаттама б қараша 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

#### ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (терага), О. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,  
А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарак,  
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының  
жетекшісі), И. Әзімбаева (жаяупты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

#### Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Тарак

#### Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев

#### Құрастырып, түсінкітерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

#### Жаяупты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Тілепов

А 13      **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VII том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жаяупты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 307 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)**

Жетінші томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы туралы тәуелсіздік жылдары жарық көрген таңдамалы еңбектер топтастырылған. Оларда Абайдың шығармашылық тұлғасы мен әдеби мұрасының, даналауқ ойлары мен суреткерлік өнерінің тарихи мөні мен бүтінгі күн үшін маңызы көрсетілген. Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай әлемін терең тануға талаптанған көпшілікке арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

Темірхан Медетбеков

## МЕНИҢ АБАЙЫМ!

Менің Абайым! Әрине, бұл менің сөзім емес. Дәлірек айтсақ, сөз тіркесі менікі емес. Бұл сөздің түп-төркіні сонау бір кездे ақын Марина Цветаеваның уәлі аузынан шыққан «Менің Пушкинімде» жатыр. Осы сөз – қазір қанатты сөз. Ал қанатты сөз – бәрімізге ортақ.

Менің Абайым! Бұл сөз – бәріміздің жүргегімізде жүрген, бәріміз айтуға тиісті сөз. Бұл сөздің мәні мен мағынасы менің бау-бақшам, менің машинам деп жалқы адамның атынан айтылар аса тар аядағы материалдық меншіктеп сөйлеумен еш уақытта да қосылмақ емес. Бұл сөздің мәні мен мағынасы менің жерім, менің елім деп жалпы халықтың атынан айтылар аса кең аядағы рухани меншіктеп сөйлеумен салалас, сабактас жатпақ. Сөз жоқ, менің жерім, менің елім, менің халқым деп рухани меншіктеп сөйлеуді жеріне, халқына деген рухани сүйіспеншілік қана тудыра алмақ. Адам – жерімен, елімен, халқымен ғана адам. Өйткені адамды адам ететін сол жері, елі мен халқы. Олай болса, біздің рухани қалыптасуымызға, рухани түлеп жаңғыруымызға, рухани бауымызға өлшеусіз әсер еткен, сарқылып таусылу дегенді білмейтін рухани ресурстарымызды да менікі деп меншіктеуге хакымыз бар. Сол рухани ресурстарымыздың бірі және бірегейі – біз үшін, Абай шығармалары. Сондықтан да қазір менің Елім, менің Жерім, менің Халқым сияқты қастерлі сөздердің қатарында менің Абайым деген сөздің де орын алғып, орнығы занды. Сондықтан да хат біліп, қара танитын адам Абайды оқымай, Абайды танып-білмей, өз халқының кешегі, бүгінгі рухани бет-ажарын танып-білуі мүмкін емес.

Біздің байқауымызша, Абайды оқу мен оны танып-білу кезең-кезең, белес-белестерден тұрады. Яғни, өміріннің әр кезең бөлігінде кездескен сайын, Абай – бұрынғыдан өзге, бұрынғыдан жана, бұрынғыдан биік, бұрынғыдан терен.

Абайды оку және оны өзінше танып-білу қын жол, ұзак үдеріс. Бұл жерде танып-білуді біз тек шартты түрде ғана айтып отырмыз. Әйтпесе Абайды тұтастай танып-білу ешкімнің пешенесіне жазылған емес. Ол – жұмбак. Бірақ әр адам Абайды өзінше ашып, өзінше танып-білуге міндетті. Сонымен бірге біз бұл жерде «өзінше» деген сөздің астын тектен-тек сызып отырған жоқпыш. Абайды жалпылама хрестоматиялық қасаң аяда немесе ғылыми-зерттеулер аясында ғана түсіну – ол әлі «менің Абайым» бола алмайды.

Бір өкінішті жайт, көп адам Абайды танып-білу, оқып-үйрену дегенді оның шығармаларын қайта-қайта оқи беру деп ұгады. Әрине, оны қайта-қайта оку керек. Бірақ Абайды оқып-үйренудің жалғыз тәсілі осы десек, қатты қателескеніміз. Өйткені мұндай жадағай бір сыйдырғы оқумен Абайдың сиқыр әлеміне еш уақытта да «терен бойлай» алмайсыз. Ондай тәсілге Абай алдырта бермейді.

Абай әлемі – төл әдебиетіміз бен бүкіл әлемдік әдебиеттің үздік үлгілерінің алтын буымен дем алғып тұрған, өзгеден өзге шаңырақ көтерген әлем. Абай философиясы, Абай дүниетанымы сол кездегі әлем әдебиетінің ірі тұлғаларымен иық тірестіріп қатар тұр. Олай болса, ол тұнғиық әлемді түсінуге үлкен дайындық көрек. Яғни, Абай бүгінгі оқырман қауымнан үлкен ішкі мәдениетті, бір кезде өзі тәлім алған бүкіл әлемдік әдебиеттің мектебінен өттүді талап етеді. Соңдықтан да Абайды әрбір оқырман өз бетімен бүкіл әлемдік әдебиеттің контекстінде танып-білуі, оқып-үйренуі керек. Өйткені Абай сөздерін құр жадағай жадыңа сақтап жаттап алумен оны танып-білу мүмкін емес. Абай сөздерін ең зуелі қаныңа сіңіруің керек! Сонда ғана оны біз «Менің Абайым» деп айтуда хақылымыз.

Абай ұлылығын, Абай сөздерін түсіндіріп-талдайтын, бағдарлап бағамдайтын талай-талай кесек-кесек дүниелер жазылды. Әлі де жазыла бермек. Өйткені Абай әлемі – табиғаттың өзіндегі құпия, табиғаттың өзіндегі тұнғиық. Ол – сәт сайын жанғырып түлеп, сәт сайын қозғалысқа түсіп, сәт сайын жан-жағына

сәүле жамыратып тұрған әлем. Сол құпия дүниенің стихиялық қозғалысына үнілу, оны бақылау Абайды ғана емес, өзінді де өзінше ашу болып табылады.

Ұлылықтың ұлылығын анықтап беретін әлі алгебралық формула туған жоқ. Тумақ та емес. Солай бола тұра ұлылық тудырған дүниеге өз қарым-қатынасынды, ол туралы өз таным-білігінді айту, ортага салу – азаматтық борышың.

Біз үшін Абай ұлылығы – өзі өмір сүрген органдың ой мен сана деңгейін әлеуметтік терең қайшылықтарын, психологиялық атмосферасын, шынжыр балақ, шұбар тес озбырлығы мен өктемдігін, кезіне жас, жүргегіне шер ұялаған қалың қазақ халқының мұнды мен зарын тереңге сұнгіп көруінде ғана емес, немесе соның бәрін тереңнен сүзіп алып кеп саған көрсетуінде ғана емес, сол тереңге өзімен бірге сені де сұнгітіп көрсеткізуінде! Яғни, Абай өз шығармалары арқылы өзі өмір сүрген қоғамның қайшылыққа толы тіршілік-қарекетін тереңнен сүзіп, өзі ғана сұнғыла зерттеуден өткізіп қоймайды, сол қоғамның қайшылыққа толы тіршілік-қарекетін өзімен бірге саған да зерттеткізеді. Абай таланттының ең басты тегеуріні, міне, осында жатса керек!

Сонымен бірге Абай елеңдерінің қай-қайсысы да бізге сол заманың белгілі бір тарихи фактісін емес, ең бастысы сол заманың тарихи факторын ашып көрсетті. Сейтіп ол біздің белгілі бір кезеңдегі реалистік рухани тарихымызды дүниеге келтірді. Рас, Абайға дейінгі әдебиетімізде белгілі бір қоғамның белгілі бір тарихи фактісін көрсететін дүниелер бар болатын. Бірақ олардың қай-қайсысы да сол қоғамның тарихи қозғаушы қүшін, яғни, тарихи факторын көрсеттіп бере алған емес. Ол тек Абай қолынан ғана келді.

Тұтас бір халықтың белгілі бір кезеңдегі рухани тарихын дүниеге келтіру үшін орасан зор талант, жіті көз, зерек зердемен бірге шалқар білім де керек. Өйткені тұтас бір халық басынан кешіріп отырған қоғамның, терең әлеуметтік қайшылықтары мен оны тудырып отырған қозғаушы қүшті тек бір халықтың тарихи даму аясында ашып көрсету мүмкін емес. Ол тек адам-

зат тарихының рухани тәжірибелері негізінде зерттеліп қарастырылғандаға мүмкін бола алды. Абай солай еткен де.

Ойдан ой туады. Абай білімдарлығын сөз еткенде, көбіне көп оны біз өзіміздің төл әдебиетімізден, Шығыс, әсіресе, Батыс әдебиетінен молынан үйренген деп жатамыз. Үйренгені үйренген. Дегенмен, үйренген деген сөз Абай білімдарлығына өлшем бола алмайды. Абай білімдарлығының қуаттылығы сонда, оның өз әдебиеті мен Шығыс және Батыс әдебиетінің бай мұраларын бойына әбден сініріп, оларды өз жүргегінде қайта қорытып игеріп, менгергенінде.

Бүкіл әлемдік әдебиеттің алып тұлғалары сияқты Абайдың да соны сипатты мен соны қасиеттерінің бірі – қазақ даласының сонау қалтарың түкпіріндегі Шыңғыстау баурайында тұрып-ақ, біздің бүгінгі әдебиетіміздің қадау-қадау проблемаларына – бейне бір өзің аш та, ұғын дегендей – сырын теренге жасырын жауап беріп кеткендігінде.

Бұтін таңда өссем, өркендеймін деген жер бетіндегі әдебиет атаулының бәрі-бәрі үшін мәңгілік проблемалардың бірі, сөз жоқ, аударма екенін жақсы білеміз. Осы бір таусылып-тәмамдалмайтын проблеманың түйінін шешуге атсалыссақ болды, алдымен ауызға түсетіні – кітаптағы көлемі ат тәбеліндей, ал әдебиетіміздегі алар орны Алатаудай шоқтықты Абай аудармалары. Бұл салада да әлгінде айтып өткеніміздей, Абайдың сырын теренге жасырган жауабы әзір. Әрине, ол сыр «мен мұндалап» тұрган жоқ. Бірақ ол сырды әркім өзінше ұғып, өзінше тындауға хақылы.

Олай болса, сырын теренге жасырган сол жауаптан біз де сыр тартып көрейікші. Бұл тұрғыда ең алдымен бізді қатты ойланыратын мәселе аударма саласындағы Абайдың тәжірибесін анықтап беру ниетімен туған тұжырым-пікірлердің дөлдік пен алшақтығы, үстірттігі. Тағы да ол тұжырым-пікірлердің әбден басы ашық атам заманнан белгілі аксиомадан бетер біреуден екіншіге, екіншіден үшіншіге... ешқандай кедерегі тосқауылсыз сынаптай сырғып көшіп отыратындығы.

Мәселен, Абай аудармасын сөз еткенде, көбіне біз: Абайдың құдіреттілігі сонда – ол Пушкин мен Лермонтовты қазақ тілінде Пушкинше, Лермонтовша сөйледті деп, не айтып, не жазып жатынымыз бар. Міне, осы – қате пікір, қате тұжырым. Өйткені еш уақытта да Пушкин мен Лермонтов қазақ тілінде Пушкинше, Лермонтовша сөйлемеген жоқ, сөйлемек те емес. Абай да оларды қазақ тілінде Пушкинше, Лермонтовша сөйлетуді мақсат тұтпаған. Абай Пушкин мен Лермонтовты қазақ тілінде тек Абайша сөйледті! Абайша!

Ал әлгіндей қате тұжырым, қате түсінік тонды теріс қаратып киіп алғанмен бірдей әсер қалдырады. Өйткені әрбір творчестволық тұлға – жеке бітім, жеке болмыс. Оның айналадағы құбылысты көріп-қабылдауы да, оны қорытып қағазға түсіруі де жұмбақ үдеріс. Оны сол творчестволық тұлғаның өзі де бүтешігесіне дейін түсіндіріп айтып бере алмайды.

Творчестволық тұлғаның осындағы табиғи жұмбақ қасиетінен бейхабар, немесе өзінің не айтып отырғанына мән бере бермейтін адам, тағы да Абайдың Пушкин мен Лермонтовты сәтті аударғанының себебі, өлеңге арқау болған белгілі құбылысты немесе материалды сол Пушкин мен Лермонтовтың көзімен көре білген деп қаламын бір-ақ тартады. Сөйтіп алғашқы қате тұжырымнан екінші қате тұжырым пайда болады. Шындығында, Абай өлеңге арқау болған белгілі бір құбылыс пен материалды Пушкин мен Лермонтов көзімен көре алмайды. Ол тек өзінің көзімен ғана көре алады!

Өйткені ол Пушкин мен Лермонтов өлеңдеріндегі бүкіл поэтикалық әлемді Пушкин мен Лермонтовша емес, өзінше түсініп, өзінше қабылдаған. Ондай ірі тұлғаларды былай қойғанда, қарапайым оқырманның өзінің әр өлеңге қатысы әр қылы болып келмейтін бе еді?!

Егер мұндай қате тұжырым, асығыс қорытындыларды, іске тигізер зияны болмаса, ауызға да алмай-ақ қояр ек. Амал не, зияны шаш етектен. Өйткені осындағы қате тұжырыммен мұпмұздай боп қаруланып алған аудармашы Абайды орыс тілінде Абайша, немесе Пушкин мен Лермонтовты қазақ тілінде Пушкин мен Лермонтовша сөйледіп берем деп ала өкпе боп әлекке түсіп,

тыптырлап тыраштанып бағады. Ондайлар, егер Пушкин мен Лермонтов тіріліп кеп Абайдың бір өлеңін қатар отыра қалып аударса, Пушкиннің аудармасы Пушкинше, Лермонтовтың аудармасы Лермонтовша болып шығатынына мән бере бермейді.

Аудармашы да – творчестволық дербес тұлға! (Әңгіме бұл жерде тек талантты аудармашы жөнінде ғана болып отыр). Оның да өзіндік творчестволық бет-бағдары, өзіндік дүниетанымы бар. Ол айналадағы құбылысты тек өзінше ғана қабылдар қасиетке ие. Олай болса аудармашыдан түпнұсқа авторының қолтаңбасын талап етіп, оның өзінің қолтаңбасын жоққа шығарам деу – бос әңгіме, бос даурығу.

Талант тегеуріні мықты аудармашының қолтаңбасы неғұрлым ажарлы, неғұрлым айқын болса, аударылған дүние де соғұрлым айқын болып шықпақ. Мәселен, Шекспирді орыс тіліне аударған Б. Пастернак, М. Лозинскийді алыңыз. Болмаса сол Шекспирді орыс тілі арқылы қазақ тіліне аударған М. Әуезов, Х. Ергалиев, Ә. Кекілбаевтарды қараңыз. Әрқайсысы жеке қолтаңбаға ие ғой.

Сондықтан біз аударылған дүниеден түпнұсқа авторының қолтаңбасын іздел жатпай, түпнұсқа авторының айтар ойын, идеясын, көтерер мәселесін, рухын аудармашы қалай түсінген, оны қандай деңгейде игерген деп сөз бастағанымыз абзал.

Ал деңгей дегеніңіз әр түрлі болады. Сондықтан талантты дүниелерді тек кана таланттылар аударулары керек! Ондайда талант табиғаты бір-бірімен жақын болып жатса, нұр үстіне нұр. Шығарманың сөзін ғана алып, оның ішкі эсер-қуатын көтере алмай түпнұсқаның өзінде қалдырып кететін аудармашылардан сонда ғана құтыламыз. Нағыз шығарманың ойы, идеясы, рухы, ұлттық колориті сыртқы сөзінде емес, ішкі өмірінде, тынысында ғой. Сөз тек соларға қызметші ғана. Ал шығарманың ойын, идеясын, рухын, ұлттық колоритін көтерсе, тек талант қана көтеріп алып шыға алады. Ондай жерде жұрт ойлап тапқан толып жатқан әдіс-тәсілдерініздің бәрі әлсіз. Өйткені әдіс-тәсіл кітаби емес, табиғи болуға тиіс. Әрбір творчестволық тұлғаның өз әдіс-

тәсілі. бар. Аудармада арифметика да, алгебра да жоқ! Оны тек творчествоның интуиция, творчествоның дербестік қана шеше алады.

Мәселен, Абайдың жұрттың бәрі жатқа білетін Гете – Лермонтовтан аударған «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңін алыңызшы. Бұл аударманы қандай әдіс-тәсілмен таңбалап береміз. Сөзбе-сөз аударма дейсіз бе, аналитикалық аударма дейсіз бе, жоқ әлде еркін аударма дейсіз бе? Осы бір сегіз-ақ жол өлеңде әлгі тәсілдердің бәрінің бедер белгісі бар. Қараңыз Лермонтовта:

Горные вершины  
Сият во тьме ночной.

Абайды:

Қараңғы түнде тау қалғыш,  
Үйкыга кетер балбырап.

Мұны қай тәсілге апарып теліген жөн. Әрине, еркін аударма деуге де, сөзбе-сөз аударма деуге де келмейді. Бұл, сөз жоқ, дәл түпнұсқадағыдай емес, бірақ соған жақын келетін адекватты-аналитикалық аударма. Ал одан әрі ше? Лермонтовта:

Тихие долины  
Полны свежей мглой.

Абайды:

Даланы жым-жырт дел-сал қып,  
Түн басады салбырап.

Бұл ше? Мұнда сөзбе-сөз аударманы тіпті ауызға алудың кажеті жоқ. Әлгі аналитикалық аудармаңызың да аулы алыстап кетті. Сөз жоқ, еркін аударма! Тағы да оқиық. Лермонтовта:

Не пылит дорога,  
Не дрожат листы...

Подожди немного,  
Отдохнешь и ты.

Абайда:

Шаң шығармас жол-дағы.  
Сілкіне алмас жапырақ.  
Тыншығарсың сен-дағы,  
Сабыр қылсан азырак.

Ал бұл жолдарда әлгі үш тәсіліндін үшеуі де қабат қатысып тұр. Бірақ біреу тұрып, мұнда сөзбе-сөз аударма мен аналитикалық аударма тәсілдері бар болса бар шығар, ал бірақ бұл жолдардан еркін аударма тәсілін көріп тұрғанымыз жоқ деуі мүмкін. Рас, бір қарағанда Абай сөздері Лермонтов сөздерінен алшақ кетіп тұрған ештесе жоқ. Бірақ ой еркіндігін қайда қоясыз. Әсіресе, соңғы екі жолында Абай Лермонтов ойын еркін игеріп, еркін тереңдетіп жіберіп отырған жоқ па?

Сонымен біздің айтпағымыз, қандай бір аударма болмасын, ол – ешқандай да кітаби әдіс-тәсілдермен шешімін таптайтындығы. Ол тек дербес таланттың дербес әдіс-тәсілдерімен ғана жүзеге аспақ. Өйткені аударма – сіздің ешқандай теориянызға, сіздің қолдан жасалынған әдіс-тәсілдеріңізге бағынбайтын, қандай бір болмасын анықтаманыздың құрсау-құшағына сыймайтын Творчество! Аудармашы, біреулер ойлап жүргендей, әдеби әдіс-тәсілдердің айтқанына көніп, айдауына жүретін қызметші емес, қайта керісінше әдеби әдістәсілдер – оған қызметші. Сондықтан да ол керек кезінде сөзбе-сөз аударма, аналитикалық аударма, еркін аударма тәсілдерінің қай-қайсысын да жеке-жеке жұмыс істеткізіп, керек кезінде үшеуінің басын бірер жолдың айналасына токайластырып коя алады. Абайдың аударма мектебі бізге осыны үретеді. Аударма жөнінде осындағы ұлы дәріс берген Абайдың өзінің орыс тіліне әлі күнге дейін жөнді аударылмауы – біз үшін, әрине, ұлттық өкініш. Ал ол өкініш тұманы көнілімізден қашан сейіледі, әзірше белгісіз. Тек бұл жерде біздің айтпағымыз, Абайдың өзіне тән дербес даусы жоғалып кетеді

деп қорықпай, оның шығармаларын творчестволық қолтаңбасы айқын, ажарлы ірі ақындарға аударту керек.

Соңғы жылдары, әсіресе, тіл жөнінде кең көлемде келелі-келелі әңгімелердің өткені белгілі. Оның соны Жазушылар одағы үйымдастырған үлкен конференцияға келіп ұласты. Дәл осы тұста тіл мәселеісі, ел ішінде жүрген өзіміз күә болғанымыздай, барлық жерде әңгіме болып жатты. Яғни, ол әдебиетшілер аясынан асып, жалпылық мәнге ие болды. Осыны дер кезінде терен сезіне білген «Қазақ әдебиеті» газеті «конференция өтті, енді бітті» деп тіл жөніндегі әңгімеге есігін тарс жауып тастамай, ашық қалдыратынын жариялады. Бұл – қай жағынан болсын құрмет тұтып, құптарлық іс. Өйткені тіл жөніндегі әңгіме еш уақытта да толастамақ емес. Өйткені тілдің тарихи даму делбесін жалғыз мен ұстап отырымын деп ешкім де айта алмайды. Соңдықтан ол туралы әдебиетіміздің арғы-бергі тәжірибелеріне сүйене отырып, өз түсінігімен әңгіме қозғауға кім-кімнің болсын еркі бар деп ойлаймыз. Бұл жөнінде де ден қойып тыңдай алатын «есті құлак» болса, Абай дәрісі мен тәлімі жетерлік.

Абай қоғамдық ойды жеткізуде де, адам жанының терен қалтарыс-қатпарларын ашуда да қазақ тілінің тегеурінді қуат пен шексіз мүмкіндікке ие екендігін дәлелдеп берді. Өйткені Абай мауыты шапан, құндыз бөрік киген ақсүйек сөз де, қазан-ошақ, қора-қопсы басында қалып қойған құл-құтан сөз де жоқ деп білді. Ол бәріне бірдей қарап, тең праволы санады. Ол тек халық бар деп ұқты. Ол тек халық тілін ғана қастерлеп, халық тілін ғана қасиет тұтты. Сонымен бірге ол өз творчествою арқылы халық тілі өзінің сонау көне топырағынан қоректене отырып, жаналық болып жапырақ ашып, жаңғырып тұратынын да көрсетіп берді.

Бірақ солай бола тұра, Абайдың осы ұлы тағлымын үстірт ұғынуышылық, ат үсті қабылдаушылық әлі күнге дейін шаш беріп қалады. Бір мысал. Егер тіл тазалығы әңгіме бола қалса, көбіміз-ақ Абайдың мына сөзін алға тартып көлденендетіп шыға келетініміз бар:

Бөтөн сөзбен былғанса сөз арасы.  
Ол – ақынның білімсіз бейшарасы.

Осындағы «бөтөн сөзді» кең жүрт бір тексті тар аяда түсінеді. Содан барып олар қора-қопсы, қазан-ошақ басындағы «ұсақ» түрмистық сөздердің де, өзге тілден ауысып көшіп келген жаңа сөздердің де өлең табалдырығын аттауға хақысы жоқ деп біледі. Өлең сөзін әсем киінген әдемі сөздер деп үғады. Соңдықтан да олар өлең ішінен тезек, кең сияқты сөздерді кездестіре қалса, мұрның тыржитып «жиіркеніп», трактор, двигатель деген жаңа сөздерден темір шынылы мен темір күркірін естіп құлағын басып үркектеп бағады. Сол мінезімен қашшама азапты жолдан өтіп теңдікке ие болған тіл демократиясына тіл тигізіп, қол көтеріп отырғанымен олардың жұмысы да болмайды.

Ал Абайдың «бөтөн сөз» деп отырғаны әлгіндей түрмистықта, өзге тілден кірген де сөздер емес. Ол бұл жерде басы артық, орнын таппаған сөзді айтып отыр. Әйтпесе Абайдың керек кезінде түрмистық сөзден де, өзге тілден кірген сөзден де қашпаганына оның бүкіл творчествосы күэ.

Көрі қой ептең сойған байдың үйі,  
Кай жерінде кедейдің тұрсын күйі?  
Кара қидан орта қап ұрыспай берсе,  
О да қылған кедейге үлкен сыйы.

Осындағы қи деген сөзді кім «бөтөн сөз» дей алар екен? Сол бір сөздің өзі-ақ сол заманың бүкіл әлеуметтік қайшылығын көрсетіп беруге қызмет етіп тұрған жоқ па? Ал Абайдың орыс, араб, парсы сөздерін кеңінен қолданғанына бұл жерде мысал келтіріп жату артық. Ол – жүрттың бәріне белгілі. Бірақ осындаі белгілі, басы ашық нәрсенің өзін білсе де білмегенситіндер, көрсө де көрмегенситіндер әлі де болса баршылық. Ондайлар өлең гүл сияқты құлпырып, шыны құсап сынғырлап тұру керек деп ойлайды. Біз, эрине, өлеңнің гүл сияқты құлпырып, шыны құсап сынғырлап төгіліп тұрғанына қарсы емеспіз. Ондай өлеңдер

болған, қазір де бар, бола береді де, бірақ өлеңнің ең басты миссиясы – ақиқатты айту екенін естен шығармағанымыз жән. Ал ақиқатты алтынмен аптарап, күміспен күптеймін деп ақ тер, көк терге тұсудің қажеті жоқ. Ақиқаттың аты – ақиқат. Ол ең бір «төмен етек», «төмен сортқа» жататын сөздермен-ақ жарқырап көрініп тұра алады. Ондай жерде әдемі сез – әлеміш бояу.

Мұндай өлең тілінің тазалығына өзінше құйіп-пісіп, оның жалғыз жанашыры болғансып «қорғап» жүретін эстеттер барлық кезде, барлық әдебиетте де болған. Олар Пушкиннің тұсында өлеңге «құлақ», «мұрын» сияқты сөздердің кіріп кеткенін жабайылық деп, ал Некрасовтың тұсында өлеңге «шалбар», «портфель» деген сөздердің енуін сорақылық деп бағалаған.

Ондай «жанашырлар» біздің тұсымында, әсіресе, неологизмдерге жаны қас. Өлеңге неологизм пайдаланған ақындар тіл тазалығын сақтамаушылар, тілді былғап бұлдірушілер болып жатады. Осы дұрыс па?

Рас, бүгінгі таңда тіл тазалығы мәселесі бірінші кезекте тұр. Оған ешкіннің де дауы жоқ. Табиғат экологиясы сияқты тіл экологиясы да кезек күттірмейді. Оған бәріміз де қатысуымыз керек. Бірақ орнымен, өйткені өлең – өзі өмір сүріп отырған ортамен, тіршілікпен кіндіктес. Сондыктан ол бүгінгі ғылыми-техникалық революция заманында сол заман тілімен сөйлеуге хақылы. Ал оған қарсы шығу – өлең табиғатына қарсы шығу. Егер ғылыми-техникалық революция заманы алып келген ұғым-түсініктерді таңбалайтын жана сөздерден өлеңді «тазалауға» кіріссек, онда ол бүкіл табиғи құрамынан айырылған, ішуге болмайтын, дәм-татуы жоқ дистилденген суға айналады. Мұны ескермеу – өрескел қателік.

Бұл жөнінде де Абай – өзінің бүкіл творчествосымен ұлғі, өнеге.

Осы жерде сез реті кеп тұрганда тағы бір мәселеге тоқтала кетейік. Тіл тазалығы әнгіме бола қалса, көп жүрттың, әсіресе, тілшілердің қатты шүйіліп, қатты тиісетін тағы бір «измі» бар. Ол – диалектизм. Олар өз сөздерінде көбіне-көп диалект сөздердің бірақ түріне, көсіптік сөздерге ғана кеңшілік жасайды. Рас,

олар шығарма кейіпкерлерінің диалогтарында диалект сөздерді пайдалануға да соншалықты қарсы емес. Ал өлеңге диалект сөздерді қосу дегенді ауызға ала көрменіз. Қоссаңыз-ақ, «бөтен сөзінің» де, жабайылық пен сорақылығының да сол боп шығады. Сондай-ақ, прозалық шығарма олардың авторлық баяндауларынан да диалект сөздерді кездестірсе өре түргеледі. Неге олай? Мұны да біз, негізінен, творчествоның табиғатын жете түсінбесуден деп білеміз. Өйткені автор өз шығармасының ішінде жүріп жатқан оқиғага, психологиялық талас-тартысқа, кейіпкерлерінің жүрістүрьесінә, олардың болмыс-қарекетіне сырттай бақылаушы, сырттай баға беруші емес. Соған тікелей белсенді араласуши. Олай болса, ол өз кейіпкерлерімен солардың өз тілінде сөйлеспей тұра алмайды. Сөйлеспеді ме, онда сырт көзге көріне бермейтін автор мен кейіпкерлер арасындағы ішкі тін, ішкі байланыс үзліп кетуі көдік. Ал оның соны кейіпкерлердің бір жақта, автордың бір жақта қалып қоюына әкеліп соғуы мүмкін.

Оның үстінے әдеби тіл жаңғырып, жаңарып, жаңа ренқ-бояулармен байып тұруы керек дейтін болсақ, онда оны жаңғыртып жаңартатын, жаңа ренқ-бояулармен байытатын үлкен резервтердің бірі – сөз жоқ, диалектизм. Ал ол резерв көздерін көміп тастанымын деу – тілдің тынысын тарылтып тұншықтырам деумен бірдей.

Кезінде Абай қолданған бастау (бұлак) сөзі белгілі бір аймақ қана қолданатын диалект сөз болатын. Ал енді қазір бастауды білмейтін қазақ бар ма?! Сондықтан онтүстік қазақтары қолданатын ирониялық ренішпен айтылар нәйеті, батыс қазақтары қолданатын кең мінезге ие, арқайын, шығыс қазақтары қолданатын аллегориялық астарға ие, ләуки сияқты сөздерден қашуға болмайды деп ойлаймыз. Рас, бұл сөздердің орнын ауыстыра алатын бізде синоним сөздер бар. Бірақ олардың ешқайсысы да бұл сөздердің өздеріне ғана тән ренқ-бояуын, әуен-әуезін бере алмайды. Осы сияқты сөздерге тілшілердің қояр кінәсі: оларды басқа аймақтың қазақтары түсінбейді-міс. – Түсінеді. Ал, шынында, түсінбей бара жатса, түсіндіріп беру – тілшілердің тікелей міндеті емес пе?!

Не болғанда да диалект сөздерден қашуға, оларды ғана сейлем ішінен де, мына сөйлем ішінен де ұстап алып, сениң орның бұл жер емес деп орынсыз «куғын-сүргінге» ұшыратуға болмайды. Олай етпес бұрын алдымен ойланып алған жөн. Ондай сэтте әлемдік әдебиеттің арғы-бергі тәжірибелеріне көз салып қарап алайық, рухани ескерткіштерінің бірінен саналатын Дантенің «Тәнрінің тәлкегі» жергілікті бір диалектіде – тек флоренция диалектісінде жазылған ғой. Ол кезде итальян диалектілерінің бір-бірінен айырмашылығы аспан мен жердей алшақ болған. Біздің тіліміздегі диалектизм айырмашылығы оның қолына су да күя алмайды. Бұл жерде біреулер: ол кезде Флоренция әдебиеті мен мәдениетінің дамуы Италияның өзге жерлерімен салыстырғанда биік деңгейде болған, ал мәдениеті мен әдебиеті жоғары дамыған белгілі бір аймақтың өзге жерлерге рухани үстемдікпен қарайтыны белгілі жайт емес пе деп дау айтуы мүмкін. Жоқ, олай емес. Зерттеушілердің айтуынша, ол кезде Флоренция Италияның басқа жерлерінен жазуды ең соңынан қабылдаған мәдениеті кешен қалған қала көрінеді. Флоренция мәдениетінің гүлдеу кезеңі одан кейінірек басталған.

Сонау тарих қызырында ғана емес, осы қазір де мұндай фактілер жетерлік. Испанияның бірқатар ақындары әлі де өз шығармаларын жергілікті диалектімен жазатынын «Иностранный литература» журналынан оқып жүрген жоқпыз ба?! Тіпті осы қазірдің өзінде іргеміздегі Грузияда тек өз аймақтың диалектісінде жазылған жеке өлең кітаптары пайда бола бастады. Бұл құбылыстар еріккендіктен, немесе ол елдердің ақын-жазушыларының өзінің әдеби тілін білмегендігінен туып жатқан құбылыстар емес шығар. Ал француздардың ақын-жазушылары өз елінің алыс бір қыыр мекенінен бір диалект сөз тауып алса, алтын тауып алғандай қуанатын көрінеді.

Ал біз болсақ сөйлем ішіне анда-санда кіріп кеткен диалект сөздерімізben алысып әуреміз. Олардың ең болмаса мүйізі сонадайдан сорайып көрініп, тутас тіл тазалығына көленкесін түсіріп тұрса екен. Біздің тіліміздегі диалектизм өзге көптеген

тілдермен салыстырғанда соншалықты көп емес екенін тілшілеріміздің өздері де мойындайды. Мойындай тұра күреседі. Парадокс.

Кайта біз диалект сөздердің әдеби тілімізге жүйелі түрде енуіне олардың орнығып, қалыптасуына шын мәніндегі қамқоры, жанашыры болуымыз керек емес пе?!

Жалпы бұл жерде біздің айтарымыз: ақын-жазушылардан тұрмыстық сөздерді, неологизм сөздерді, диалект сөздерді, жалпы тілді Абай сияқты творчествоның пайдалана білуді талап еткеніміз дұрыс. Егер ол сөздер контексте белгілі бір қызмет атқарып, жүк көтеріп тұrsa, онда оны бұрап сындырып, жұлып алғып тастаймын деудің, біздіңше, қажеті жоқ. Сондықтан ол сөздерге ешқандай дәлел-дәйексіз, әйтеуір, әдеби тіл нормалары заңдылықтары атынан сөйлеген болып «крест жорығын» ашуға болмайды. Біз тілді жаңғырып, жасарып тұратын жанды үдеріс десек, онда тіл нормаларының заңдылықтары да жетіліп, өсіп-өркендейп, жаңа өріске шығып отыруы тиіс емес пе?! Ал осыны ескермей, тіл нормалары заңдылықтарының заңды дамуына тұсау салып, оларды «жасанды тоңазытқышта» қатырып ұстаймын деудің реті жоқ.

Сондықтан қайталап айтамыз: ақын-жазушылардан тілді Абай сияқты творчествоның пайдалана білуді талап етейік. Ал творчествоның ең басты қасиеті – батылдық. Сонда ғана ол – творчество!

Ұлы Абай сабағы бізді кең өріс, жаңа белестерге бастайды. Оның шығармаларын қайталап оқыған сайын өзің рухани толыса түсумен бірге, туған әдебиетінің де бүгінгі тынысына тереңірек үніліп, оның келешек көкжиегінің алыс қырына қадала көз саласың. Өйткені, Абайдың мың қырлы мың тәлімі бар. Бүгін біз бұл мақаламызда Абайдың сол мың қырлы мың тәлімінің бірер тәлімін ғана өзімізше түсініп әнгіме еттік.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Қойгелдиев М. Абай тұлғасы мен мұрасының қазақ тарихындағы орны. Бұрын баспасөзде жарияланған. Қазақтың бас ақыны: халықаралық гылыми-теориялық конференция материалдары / құраст. С. Корабай. – Алматы: Дәуір, 2004. – 10-16-беттер.
2. Медетбеков Т. Менің Абайым! Бұрын баспасөзде жарияланған. Сөзстан (Жас қаламгерлер кітапханасы). – Алматы: Жалын, 1986.
3. Жұртбай Т. Қарақек. Бұрын баспасөзде жарияланған. Жұртбай Тұрсын. Құнанбай: тарихи және әдеби тұлға. – Алматы: Алаш, 2004. – 20-60-беттер.
4. Негимов С. «Қайтып шығар ілімнен...» Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
5. Шеріп А. Абайдың «жазуы мен айтуы»: жаңа ментальдік жолында. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
6. Жеменей И. Абай және әл-Фараби. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 65-75-беттер.
7. Ісімақова А. Абай мұрасы – бүтінгі рухани қажеттілік. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық гылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, – 2007. – 15-28-беттер.
8. Қамзин К. «Семипалатинские областные ведомости» газеті Абай айналасы туралы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
9. Тайшыбай З. Ескендір әңгімесі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Тайшыбай Зарқын. Абайтану арнасында (1889-1916). – Петропавл, 2009. – 182-203-беттер.
10. Айтқазин Т. Абай философиясындағы адам мұраты. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Фылым, 1995. – 155-167-беттер.
11. Ысқақұлы Д. Аудармадағы Абай дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
12. Қоңыратбаев Т. Абай Құнанбайұлы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Әлемдік өнертану. III том. Музыка өнері. Тынысбек Қоңыратбай. 306-310-беттер.
13. Борбасов С. Абай тағылымы // Ақиқат. – 1995. – №1. – 61-64-беттер; Ақиқат. – 1995. – №2. – 61-63-беттер.
14. Шапай Т. Тынныштық метафорасы. Бұрын баспасөз бетінде жарияланған: Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек: Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1999. – 69-81-беттер.

15. Кемелбаева А. Гете мен Абай // Жұлдыз. – 2011. – №1; Жұлдыз. – 2011. – №2.
16. Ахметбекова А. Йасауи мен Абайдың поэтикалық дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 43-49-беттер.
17. Палтере І. Абай шығармаларындағы Алланың көркем есімдерінің кейіріне лексика-семантикалық талдау. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 77-81-беттер.
18. Сейітова А. Абай мен Сағди поэзиясындағы ұқсас ой сарындары. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 64-69-беттер.
19. Рахимов Қ. Абайдың даналық философия ғылымы деңгейіндегі көрінісі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 50-62-беттер.
20. Раев Қ. Абай шығармашылығындағы рухани құндылықтардың мәні. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2007. – 100-104-беттер.

## МАЗМҰНЫ

Койгелдиев М. <b>Абай тұлғасы мен мұрасының</b> казақ тарихындағы орны .....	3
Медетбеков Т. <b>Менің Абайым!</b> .....	12
Жүртбай Т. <b>Қаракөк</b> .....	26
Негимов С. « <b>Қайғы шығар ілімнен...</b> » .....	68
Шеріп А. <b>Абайдың «жазуы» мен айтуы:</b> жаңа ментальдік жолында .....	76
Жеменей И. <b>Абай және әл-Фараби</b> .....	84
Ісімақова А. <b>Абай мұрасы – бүтінгі</b> рухани қажеттілік .....	91
Қамзин К. « <b>Семипалатинские областные</b> <b>ведомости</b> » газеті Абай айналасы туралы .....	106
Тайшыбай З. <b>Ескендір әңгімесі</b> .....	124
Айтқазин Т. <b>Абай философиясындағы</b> адам туралы .....	145
Ысқақұлы Д. <b>Аудармадагы Абай дәстүрі</b> .....	158
Қоңыратбаев Т. <b>Абай Құнаанбайұлы</b> .....	198
Борбасов С. <b>Абай тағылымы</b> .....	203
Шапай Т. <b>Тыныштық метафорасы</b> .....	219
Кемелбаева А. <b>Гете мен Абай</b> .....	234
Ахметбекова А. <b>Йасауи мен Абайдың</b> поэтикалық дәстүрі .....	251
Палтөре Ы. <b>Абай шығармаларындағы</b> <b>Алланың көркем есімдерінің кейіріне</b> лексика-семантикалық талдау .....	258
Сейитова А. <b>Абай мен Сағди поэзиясындағы</b> ұқсас ой-сауындары .....	270
Рахимов К. <b>Абайдың даниалық философия</b> тылымы деңгейіндегі көрінісі .....	284
Раев К. <b>Абай шығармашылығындағы</b> рухани құндылықтардың мәні .....	298
<b>Түсініктеп</b> .....	304

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
VII том  
Ойлар мен толғаныстар**

Күрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген *Y. Әбдиқайымова*  
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

**ИБ№9141**

Басуға 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 19,2 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №4356.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.